



Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюро

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

2005 жылғы 4 желтоқсандағы
Президенттік сайлау

ЕҚЫҰ / ДИАҚБ МИССИЯСЫНЫҢ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРДІ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕПТЕМЕСІ

2005 жылғы 13-17 қыркүйек



Варшава
2005 жылғы 28 қыркүйек

МАЗМҰНЫ

| | |
|--|-----------|
| I. КІРІСПЕ | 1 |
| II. НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАР | 1 |
| III. АНЫҚТАЛҒАН ФАКТІЛЕР | 4 |
| A. САЯСИ КОНТЕКСТ | 4 |
| Б. АЛДЫНДАҒЫ САЙЛАУДЫ БАЙҚАУ ЖӘНЕ КЕЛЕСІ ҚАДАМДАР | 5 |
| В. ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА | 6 |
| Г. САЙЛАУДЫ БАСҚАРУ | 7 |
| Д. КАНДИДАТТАРДЫ ҰСЫНУ ЖӘНЕ ТІРКЕУ | 8 |
| Е. БАҚ10 | |
| Ж. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БАЙҚАУШЫЛАР | 10 |
| IV. ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАМАЛАР | 11 |
| ТІРКЕМЕ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 2005 ЖЫЛҒЫ ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫНА ҚАТЫСТЫ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРДІ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ МИССИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ | 12 |

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

2005 жылғы 19 желтоқсандағы ПРЕЗИДЕНТТІК САЙЛАУ

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Миссиясының қажеттіліктерді бағалау жөніндегі есептемесі ¹ 2005 жылғы 13-17 қыркүйек

I. КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің 2005 жылғы 4 желтоқсандағы президенттік сайлаудың өткізілуін байқауға қатысуға шақыруымен, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға қарасты Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюро (ЕҚЫҰ/ДИАҚБ) 2005 жылғы 13 қыркүйектен 18 қыркүйекке дейінгі кезеңге Қазақстан Республикасына Қажеттіліктерді бағалау жөніндегі миссия (ҚБМ) жолдады. ҚБМ құрамына ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Сайлау жөніндегі секциясы басшысының орынбасары Николай Вулчанов, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сайлау жөніндегі кеңесшісі Джонатан Стоунстрит, және сайлау жөніндегі сарапшы Штефан Краузэ кірді.

ҚБМ 1990 жылғы Копенгаген құжатында аталған ЕҚЫҰ міндеттемелеріне сәйкес 2005 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Президентін сайлаудың алдындағы жағдайды және сайлауды өткізуге дайындық деңгейін бағалауды жүргізді. Миссия сайлау алдындағы жағдайды, сайлау әкімшілігінің қызметі мен осының алдындағы Сайлауды бағалау жөніндегі ЕҚЫҰ/ДИАҚБ миссиясы (СБМ) берген ұсыныстамалардың сақталу дәрежесін бағалауды жүргізді. ҚБМ аталған сайлау үшін ықтимал СБМ құру шарттары жөнінде ұсыныстамаларды әзірлеген кезде аталған факторларды ескерді.

ҚБМ барысында Алматы және Астана қалаларында мемлекеттік органдардың, сайлау әкімшілігінің, саяси партиялар мен президент қызметіне кандидаттардың, азаматтық қоғамның және халықаралық қоғамдастықтың өкілдерімен кездесулер өткізілді (1 Қосымшаны қараңыз).

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне көрсеткен көмегі үшін, сондай-ақ ҚБМ болған уақытта қолдағаны және ынтымақтастығы үшін Алматыдағы ЕҚЫҰ Орталығына алғысын білдіреді.

II. НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАР

Президенттік сайлауды өткізу уақыты туралы мәселені Қазақстанның саяси қайраткерлері бір емес талқылаған болатын, соның ішінде, президенттік сайлау Конституцияға сәйкес 2005 жылдың желтоқсанында, әлде 2006 жылдың желтоқсанында өткізілуге тиіс пе деген мәселенің төңірегінде пікірсайыстар жүргізілді. Ақыр аяғында, аталған мәселе Конституциялық кеңестің қарастыруына табысталып, ол

¹ Бұл есептеменің қазақ және орыс тілдеріндегі нұсқалары бар, бірақ ресми нұсқасы ағылшын тіліндегі есептеме болып табылады.

сайлау 2005 жылдың желтоқсанында өтуге тиіс деп ұйғарды. Осы шешімнің ізімен 7 қыркүйекте Парламенттің төменгі палатасы, Мәжіліс президентті сайлау 2005 жылғы 4 желтоқсанға тағайындалғаны туралы жариялады.

2004 жылы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Қазақстандағы парламенттік сайлауды байқап, өткендегі парламенттік сайлаумен салыстырғанда едәуір жақсарғанына қарамастан, елеулі кемшіліктер бәрібір қалып отыр және сайлау рәсімдері көптеген параметрлері бойынша ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және басқа халықаралық демократиялық сайлау жүргізу стандарттарына сәйкес емес деген қорытындыға келді. Жуырға дейін ЕҚЫҰ/ДИАҚБ парламенттік сайлаудан кейін ұсынған ұсыныстамалардың бір де бірі назарға алынбағанға ұқсайды.

Солай болғанымен де, 2005 жылғы 9 қыркүйекте Президент Орталық сайлау комиссиясына (ОСК), Үкіметке, мемлекеттің атқарушы органдарына және басқа ресми органдарға, орындалған жағдайда алдындағы тәжірибемен салыстырғанда президенттік сайлауды өткізу процесін айтарлықтай жетілдіру үшін негізді қамтамасыз ете алатын әрекеттерді қолға алуға өкім ететін жарлық шығарды.

Соңғы бірнеше жылда ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Қазақстанның мемлекеттік органдарымен сайлау үшін құқықтық база мәселелері бойынша конструктивті сұхбат жүргізумен болды, соның нәтижесінде Сайлау туралы конституциялық құқық (сайлау туралы заң) әлі де болса кейбір өзгерістерді қажет еткенімен, ЕҚЫҰ міндеттемелерінің тарапына прогресс орын алды. Алайда, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 2004 жылғы парламенттік сайлау туралы Қорытынды есептемесінде ұсынылған құқықтық база бойынша ұсыныстамалар, тап солай ЕҚЫҰ/ДИАҚБ сайлау туралы конституциялық құқықтың бағасында бар ұсыныстамалар орындалмады ². Сонымен қатар, 2005 жылдың сәуір айында сайлау туралы заңға, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік туралы заңға түзетулер енгізілді. Түзетулер жиналыстар бостандығы секілді негізгі бостандықтарды ЕҚЫҰ міндеттемелеріне қайшы келетінде дәрежеде шектейді. Сайлау туралы заңға енгізілген түзетулер сайлау комиссияларына енгізілетін саяси партиялардың өкілдерін қысқарту мен мобильді және сырттай дауыс беру шарттары тұрғысынан онша түсінікті емес.

16 қыркүйекте ОСК ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 2004 жылғы парламенттік сайлау туралы Қорытынды есептемесінде ұсынылған сайлауды өткізу жөніндегі ұсыныстамалардың бірқатарына қатысты шешім шығарды. ОСК сондай-ақ оның қызметі одан көрі төмен деңгейдегі комиссиялардың қызметі секілді байқаушылар үшін толығымен ашық болатынын атап өтті. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ОСК-ның сайлауды жүргізу рәсімін жақсартуға ниетін қуана қарсы алады және осы шешімнің іске асырылуын қадағалайтын болады.

ОСК 2004 жылдағы он пайызбен салыстырғанда сайлау учаскелерінің жиырма пайызына дейіні электрондық дауыс беру жүйесін пайдаланатыны туралы шешім қабылдады. Электрондық дауыс беру жүйесі бар сайлау учаскелерінде сайлаушыларға сондай-ақ дәстүрлі сайлау бюллетенін толтыру арқылы дауыс беру мүмкіндігі ұсынылатын болады. Электрондық дауыс беру жүйесін техникалық қамсыздандыру мен функциялары өзгертілді, алайда, жүйеде әлі де қолдан тексеру мүмкіндігі жоқ және атқарылған операцияларды қағаз бетінде құжаттандыру көзделмеген. Үкіметтік және

² ОСК ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 2004 жылғы парламенттік сайлау туралы Қорытынды есептемесін www.osce.org/odihr-elections/14472.html сайтынан және ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы конституциялық құқықтың бағасын www.osce.org/odihr-elections/13442.html сайтынан қараңыз.

пропрезиденттік партиялардың өкілдері өздерінің электрондық дауыс беру жүйесіне сенімділігін білдірді, ал сол уақытта оппозиция өкілдері ҚБМ-ға өздерінің осы жүйеге сенбейтіндерін жеткізді.

Сот қаулысымен Қазақстанның демократиялық таңдауы (ҚДТ) оппозициялық партиясы 2005 жылдың ақпанында таратылды. 2005 жылдың сәуір және мамыр айларында, оппозицияның саяси жетекшісі, бүгінде президент қызметіне кандидаттың халықпен кездескен уақытында орын алған екі басқа жағдайда, анықталмаған бір топ адам шабуыл жасап, денеге зақым келтірді. Кейіннен бір адам бұзақылық үшін бір жылға шартты түрде сотталды.

Кездесуге қатысқандардың бірнешеуі билік басындағылар ұстанатын пікірлерге қайшы пікірлерді жариялайтын бұқаралық ақпарат құралдарына, соның ішінде тәуелсіз және оппозициялық газеттерге көрсетіліп отырған қысымға қатысты мазасыздықтарын білдірді. Көпшілігі алдағы сайлауға барлық қатысушылардың өз сайлаушыларына жолдануға тең мүмкіндіктері болатынына немесе олардың барлығының теледидар жаңалықтарында бірдей, әрі риясыз таныстырылатынына күмәнін білдірді.

ҚБМ барысында бес кандидат өздерінің президенттік сайлауға қатысу ниеті туралы нақты мәлімдеді және одан да көбі тіркеуден өтуге тиіс болатын. Президенттік науқанның өкілі өзінің сайлау процессінің адалдығына сенімділігі туралы мәлімдеді, алайда, басқа кандидаттар ҚБМ-ға өздерінің алдағы сайлауда, әсіресе, сөз бұқаралық ақпарат құралдарында оқиғаларға шолу жасау және билік орындарының тарапынан килігу туралы болған уақытта тең шарттарға үміт артпайтындарын жеткізді.

Сайлау жарияланардан бұрын оппозиция жетекшісі, бүгін президент қызметіне кандидат, Алматы қаласының прокурорынан «түсініктемелік» хат алды, онда оған ел ішінде халықпен кездесулерін тоқтатуға кеңес берілген, өйткені сайлау құқығы үгіт жүргізуге тек 24 қазанда тіркеу кезеңі аяқталғаннан кейін рұқсат етеді. Көріп отырғанымыздай, хат заңды бұрмалап түсіндіреді, өйткені хат жазылған сәтте сайлау әлі жарияланбаған болатын, ал бұл мемлекеттік органдар аталған тұлғаның орын ауыстыруға, жиналысқа және өзін-өзі танытуға бостандығын тікелей бұзып отыр деген сөз.

ҚБМ Қазақстандағы 4 желтоқсандағы президенттік сайлаудың барысын байқау үшін ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-н ұйымдастыруға ұсыныстама береді. СБМ сайлау барысында ЕҚЫҰ демократиялық сайлау жүргізу бойынша міндеттемелерінің және ішкі заңнаманың сақталуын байқайтын болады. Кездесуге қатысушылар СБМ-ны құру идеясын қолдады. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ЕҚЫҰ қатысушы елдерге қазанның ортасынан бастап бүкіл ел бойынша сайлау барысын байқау кезінде 36 ұзақ мерзімді СБМ байқаушыларына және барлық деңгейдегі сайлау комиссияларында дауыс беруді, дауыстарды санауды және қорытындыларын шығаруды қоса, сайлау күні сайлау жүргізу тәртібін байқау кезінде 400 қысқа мерзімді байқаушыларға қолдау көрсетуді өтініп, жолданады. Екінші тур өткізілетін жағдайда, байқау шарттары туралы шешім екінші турды өткізу мерзімдері айқындалғаннан кейін қабылданатын болады.

III. АНЫҚТАЛҒАН ФАКТІЛЕР

A. САЯСИ КОНТЕКСТ

1995 жылғы 30 тамыздағы референдумда қабылданған Конституция бойынша Қазақстан президенттік республика болып табылады. Президент жалпы халықтың дауыс беруі арқылы жеті жылдық мерзімге, көп дегенде екі келесі мерзімге сайланады. Парламент екі палатадан тұрады. Төменгі палата, Мәжіліс, жалпы халықтың дауыс беруі арқылы жеті жылдық мерзімге сайланатын 77 өкілден тұрады. Үстіңгі палатаға, Сенатқа, 39 өкіл кіреді; олардың ішінде 32 өкіл жанама сайлаудың көмегімен сайланады, ал қалған жетеуін Президент тағайындайды.

1995 жылғы Конституция қабылданғаннан кейін, Нұрсұлтан Назарбаев Президент лауазымына бірінші мерзімге кірді. Конституция қабылданғанға дейін Назарбаев мырзаны Президент етіп Қазақстанның Жоғарғы кеңесі тағайындады 1991 жылы, сол жылдың аяғында оның жағдайы жалғыз кандидат қатысқан сайлаумен бекіді. 1995 жылдың көкегінде Президенттің өкілеттіктер мерзімі ұлттық референдуммен 2000 жылға дейін ұзартылды. 1999 жылдың қаңтарында Президент Назарбаев жеті жыл мерзімге елбасы болып сайланды.

Соңғы жылдардың ішінде президенттік сайлау 2005 жылдың желтоқсанында әлде 2006 жылдың желтоқсанында болуға тиіс пе деген мәселе талқыланды. Конституцияға сәйкес президентті сайлау «тиісті жылдың желтоқсан айының бірінші жексенбісінде» өткізілуге тиіс. Соңғы дауыс беру 1999 жылдың қаңтарында болғандықтан, кейбіреулер жаңа президенттік сайлау 2006 жылдың желтоқсанында болып өтуге тиіс деп дәлелдейді. Алайда, бұл сайлау әрекет етуші президенттің өкілеттіктер мерзімі аяқталғаннан кейін 11 айдан соң өтуге тиіс еді дегенді білдіреді. Аталған мәселені Мәжіліс Конституциялық кеңестің қарастыруына жібергеннен кейін, кеңес президенттік сайлау 2005 жылғы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізілетін болады деп қаулы етті, ал 7 қыркүйекте Мәжіліс президенттік сайлаудың 2005 жылғы 4 желтоқсанда өткізілетін туралы жариялады.

Қазақстанда 11 тіркелген партия әрекет етеді, бұл 2004 жылдағыдан біреуіне кем. Партиялардың санының қысқаруына 2005 жылдың ақпанындағы Қазақстанның Демократиялық таңдау партиясын тарату туралы шешімі себеп болды. ҚБМ кем дегенде екі саяси партия Әділет министрлігінде тіркеу сатысында деп хабарлады. Негізгі пропрезиденттік партиялар «Отан» және «Асар» партиялары болып табылады, олардың алғышқысына президент Назарбаев басшылық етеді, ал екіншісінің басында Дариға Назарбаева ханым тұр. Тіркелген партиялардың екеуі, «Ақ Жол» партиясы және Қазақстанның Коммунистік партиясы өздерін оппозиция деп атайды. Сонымен қатар, «Ақ Жол» партиясынан 2005 жылы бөлініп кеткен және қазіргі сәтте тіркеуді тосып отырған «Нағыз Ақ Жол» партиясы да сондай-ақ өзін оппозициялық партия ретінде сипаттайды. «Ақ Жол» партиясынан басқа оппозиция тобы «Әділ Қазақстан үшін» қозғалысын қалыптастырды. Әділет министрлігіне сенсек, ол қозғалыс тіркелген, алайда республикалық қоғамдық бірлестіктің мәртебесіне ие болу үшін оған сегіз аймақта филиалдарын ашу қажет.

Айтарлықтай алшақтық саяси партиялар мен ықтимал кандидаттардың сайлау процесіне деген сенімге қатысты пікірлерінде қалыптасты. Оппозициялық партиялар ҚБМ-ға сайлау уақытындағы бұзушылықтарға және сайлау процессінің барлық

сатыларында болуы мүмкін алаяқтыққа қатысты өздерінің мазасыздығын білдірді. Солай болса да, олар сондай-ақ алдағы сайлауға кандидат ұсынамыз немесе қолдаймыз деп мәлімдеді. Өздерін пропрезиденттік деп атайтын саяси партиялар өздерінің сайлау процессіне сенетіні туралы мәлімдеді.³

Өзінің 2005 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан халқына жолдауында Президент Назарбаев «Ұлттық саяси реформалар бағдарламасын» ұсынды. Осы жолдауында ол «сайлау заңнамасын одан әрі жетілдірудің қажеттігін» атап айтып, ОСК-на қолданыстағы заңнаманың кемістіктеріне талдау жүргізуді және «халықаралық стандарттарға және біздің қоғамымыздың даму деңгейіне толығымен сәйкес болатын» ұсыныстар жасауды айтты. Өзінің 1 қыркүйектегі парламентке жолдауында Президент Назарбаев өзінің «алдағы сайлауды абсолютті еркін, адал [және] ашық ету үшін өзінің барлық күшін салатынын» мәлімдеді.

Президент 9 қыркүйекте ОСК-на, елдің әртүрлі министрліктеріне, мемлекеттік және жергілікті билік орындарына алдағы сайлауға байланысты белгілі бір әрекеттерді қолға алуға жүктейтін жарлық шығарды. Орындалған жағдайда аталған жарлық алдындағы тәжірибемен салыстырғанда сайлау жүргізу рәсімін айтарлықтай жақсартуға арналған шарттарды қамтамасыз етеді.

Соңғы айларда, көктемнің аяғынан бастап, жазғы айлар бойы Президент Назарбаев елдің әртүрлі аймақтарына бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жария болған бірқатар жұмыс сапарларымен барып, ақырғы сапарын қыркүйек айының аяғында Алматы қаласына жасады. Алайда, президент қызметіне басқа кандидат Жармахан Тұяқбай мырзаның Өскемен және Шымкент қалаларында өзінің жақтастарымен кездескен уақытында анықталмаған бір топ адам екі жағдайда да шабуыл жасап, денеге зақым келтірді. Кейіннен бір адам бұзақылық үшін бір жылға шартты түрде сотталды.

Б. Алдындағы сайлауды байқау және келесі қадамдар

Билік орындарының шақыруы бойынша ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 1999 жылғы президенттік сайлауды шектеулі бағалауды жүргізді және 1999 жылдың қазанында және 2004 жылдың қыркүйек/қазан айларында болып өткен парламенттік сайлауды байқауды жүзеге асырды.

Парламенттік сайлауға қатысты ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Сайлауды байқау жөніндегі миссиясы «алдындағы парламенттік сайлаумен салыстырғанда жүргізілген жақсартуға қарамастан, әлі де болса елеулі кемістіктер бар және сайлау процесі көптеген параметрлері бойынша ЕҚЫҰ міндеттемелеріне және демократиялық сайлау бойынша басқа халықаралық стандарттарға сай келмейтіні» туралы қорытынды жасады.

ЕҚЫҰ/ДИАҚБ 2004 жылғы парламенттік сайлау туралы Қорытынды есептемесінде құқықтық базаны, сайлауды басқаруды және басқа аспектілерді жақсартуға бағытталған 24 ұсыныстама ұсынылады. Қазіргі сәтке қарай құқықтық база бойынша бір де бір ұсыныстама назарға алынбаған. Солай болғанымен де, 16 қыркүйекте ОСК сайлауды және дауыс беру рәсімін басқаруға қатысты кейбір ұсыныстамалар ескерілген шешім қабылдады (төменнен «Сайлауды басқару» бөлімін қараңыз).

³ ҚБМ-ға өздерінің Президент Назарбаевты қолдайтыны туралы мәлімдеген партиялар «Отан», «Асар» партиялары, Демократиялық партия және Азаматтық партия болып табылады.

В. ҚҰҚЫҚТЫҚ БАЗА

Конституцияда Президенттің лауазымына дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың дауыстарының 50 пайызынан артық жинаған кандидат сайланады делінген. Егер кандидаттардың бір де бірі 50 пайыз дауыс жинай алмаса, неғұрлым көп дауыстар санын алған екі кандидаттың арасында екінші дауыс беру туры өткізіледі. Жеңіске қайта дауыс беру турына қатысып отырған сайлаушылардың дауыстарының ең көп санына ие болған кандидат жетеді.

Сайлау туралы заң 2004 жылы айтарлықтай өзгертілді. 2004 жылы енгізілген өзгертулерге 2000 жылдың өзінде-ақ Қазақстанның билік органдарымен бірлестікте ЕҚЫҰ қамқорлығымен Дөңгелек үстел процессінің шеңберінде басталған сұхбаттың барысында әзірленген көптеген қағидалар кірді. 2004 жылдағы кейбір өзгертулер айтарлықтай прогрессті көрсетеді және оларда алдындағы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ есептемелері мен бағаларында ұсынылған бірқатар ұсыныстамалар назарға алынған. Алайда, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ «Сайлау туралы заң оның демократиялық сайлауға қатысты, соның ішінде азаматтық және саяси құқықтарға сақталып қалған шектеулерге қатысты ЕҚЫҰ міндеттемелеріне толық сәйкестігін қамтамасыз ету үшін одан әрі жетілдіруді қажет етеді» деп атап өтті⁴.

Сайлау туралы заңға соңғы түзетулер 2005 жылдың сәуір айында енгізілді. Сайлау туралы заңға 2005 жылы жасалған кейбір түзетулер демократиялық сайлауға қатысты ЕҚЫҰ міндеттемелеріне сәйкес болмады. Жалпы алғанда, осы түзетулердің көмегімен заңнаманы ЕҚЫҰ міндеттемелеріне анағұрлым жақын сәйкестікке келтірудің орнына, 2005 жылғы түзетулер көп жағдайда қарама-қарсы әсерге ие болды⁵. Соның ішінде «сайлау алдында үгіт жүргізу мерзімі аяқталғаннан сәттен бастап және сайлау қорытындылары ресми жарияланғанға дейін, сайлаушыларға немесе сайлау комиссияларының мүшелеріне ықпал тигізуге себеп болатын қоғамдық, топтық немесе жеке мүдделер мен қарсылық білдірудің кез келген нысандарына жол берілмейтіні» туралы қағида енгізілген 44.6-бапты айта кету керек. Аталмыш түзету бірлестіктер бостандығына құқықты, сондай-ақ бейбіт жиналыстарға құқықты бұзады. Осы құқықтардың екеуі де негізгі және жалпы қабылданған болып табылады және 1990 жылғы ЕҚЫҰ Копенгаген құжатында, сондай-ақ Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық конвенцияда бар.⁶

Басқа бір түзетуде соттың шешімімен тіркелуінің күші жойылған партиялар ұсынған сайлау комиссияларының мүшелері өздерінің міндеттерінен босатылатыны туралы айтылады. Оппозициялық ҚДТ партиясын тіркеудің күші жойылғанын ескерсек, бұл түзету сайлау комиссияларына енгізуді қысқартуға іс жүзінде ықпалын тигізді. Оның үстіне кандидаттарды тіркеуге қойылатын талаптар қатайтылды да, қазір басқа құжаттармен қатар кандидат салық органдарынан оның зайыбының (жұбайының) табыстары мен мүлкі туралы мағлұмдаманы тапсырғаны туралы анықтаманы көрсетуі тиіс. 2005 жылғы түзетулер сондай-ақ Учаскелік сайлау комиссиясы беретін дауыс беру құқығынан босататын куәліктің негізінде мобильді дауыс беруді және сырттай дауыс беруді өткізу үшін мүмкіндіктерді кеңейтті. Екі жағдайда да заңда дауыс беру

⁴ ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Қазақстан Республикасының Сайлау туралы Конституциялық заңына берген бағасы. Есептемені www.osce.org/documents/odihr/2004/08/3409_en.pdf сайтынан табуға болады.

⁵ Басқа өзгертулер техникалық сипатқа ие болды.

⁶ Қазақстан Республикасы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық конвенцияға кол қойды, бірақ әлі бекіткен жоқ.

барысында ықтимал бұзушылықтардың алдын алу бойынша жеткілікті кепілдіктер көзделмеген. ОСК ҚБМ-ға сайлаушылардың құқықтарын ықтимал бұзушылықтардың алдын алу үшін, босату куәліктерін ресімдеу және беру рәсімдерін егжей-тегжейлі түсіндіретін нұсқаулықтар қабылдағаны туралы хабарлады.

Г. САЙЛАУДЫ БАСҚАРУ

Президенттік сайлаудың барысында сайлау комиссиялары үш деңгейде әрекет етеді. Сайлау әкімшілігінің басында Орталық сайлау комиссиясы (ОСК) тұр. Сайлау әкімшілігіндегі екінші деңгейді 16 облыстық сайлау комиссиясы кіретін Аумақтық сайлау комиссиялары (АСК) алып отыр⁷. Сайлау әкімшілігінің құрылымындағы ең төменгі деңгейді шамамен 9 600 Учаскелік сайлау комиссиялары басады. Әр сайлау комиссиясы жеті мүшеден тұрады.

Конституцияға сәйкес, барлық ОСК мүшелерін қызметке тағайындауды және босатуды Президенттің ұсыныстамасы бойынша Мәжіліс жүргізеді. Жаңа ОСК төрағасы 2004 жылғы парламенттік сайлаудан кейін тағайындалды. Барлық басқа сайлау комиссияларының мүшелерін ұсыну, тағайындау және қызметінен босату тәртібі сайлау туралы заңда көзделеді. Алайда, сайлауды көппікірлік және сан алуандық негізінде өткізу мақсатында саяси ақыл-кеңестемелерге арналған негізгі базаны қамтамасыз ететін механизмнің енгізілгеніне қарамастан, заң алдында ЕҚЫҰ/БПИП мазасыздығына себеп болған сайлау комиссияларын қалыптастыру мәселелерін тек ішінара ғана қозғайды. Өздерін оппозициялық ретінде сипаттайтын саяси партиялар қазіргі уақытта өздерінің барлық деңгейдегі сайлау комиссияларында шағын өкілдігі барын немесе мүлдем жоқ екенін айтты.

ОСК төрағасы ҚБМ-ға өзінің ЕҚЫҰ/ДИАҚБ СБМ-мен тұрақты ынтымақтастықты күтетіні және үміттенетіні туралы хабарлады. Оның алдындағы 2004 жылғы сайлау практикасынан бір өзгешелігі, ОСК сондай-ақ сайлау науқаны уақытында тұрақты мәжілістер өткізуді жоспарлайды. Жоғарыда айтылғандай, 16 қыркүйекте ОСК 2004 жылғы парламенттік сайлау туралы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ Қорытынды есептемесінде ұсынылған сайлауды басқару жөнінде ұсыныстамалардың бірқатарын ескерген шешім қабылдады. ҚБМ ОСК-ның сайлау процессін басқаруды жақсартуға ниетін қуанышпен қарсы алады және осы шешімнің орындалуын қадағалайтын болады.

Алғаш рет 2004 жылғы парламенттік сайлауда енгізілген және шамамен сайлау учаскелерінің 10 пайызында орнатылған электрондық дауыс беру жүйесі алдағы сайлауда қайтадан пайдаланылатын болады. ОСК-ның 16 қыркүйектегі шешімімен электрондық дауыс беру сайлау учаскелерінің 20 пайызынан артық емесінде қолданылатын болады деп белгіленді. Сайлаушыларға электрондық дауыс беру мен қағаз бюллетеньдерді пайдаланудың арасында таңдауға мүмкіндік беру туралы шешім тым кеш қабылданған 2004 жылғы сайлаудан бір өзгешелігі, ОСК өзінің осы сайлауда сайлаушыларға екі дауыс беру нысанының арасында таңдауға мүмкіндік беруге ниеті туралы мәлімдеді.

ОСК электрондық дауыс беру жүйесіне өзгертулер енгізгеніне қарамастан, ол алдында ЕҚЫҰ/ДИАҚБ және жергілікті жұртшылық атаған кейбір аспектілерді ескермеді. Соның ішінде жүйенің атқарылған операцияларды қағаз жүзінде құжаттандыруға

⁷

Аумақтық деңгейдің сайлау комиссиялары облысына байланысты әртүрлі аудандық, қалалық және қалалық-аудандық сайлау комиссияларына бөлінеді.

немесе қолдан тексеруге мүмкіндігі жоқ, ол дауыстарды қайта санау немесе дауыс беру нәтижелеріне шағым берілуі ықтимал кезде дәлелдерді табыстау қажет болған жағдайда талап етілуі мүмкін. Жүйе бұрынғысынша сайлаушыларға ол үшін дауыс берілген кандидаттың есімінің қарсысында хаттамада тіркелетін ерікті нөмір (ПИН-код) жасауға мүмкіндік береді. ПИН-код тек сайлаушыларға өзінің таңдауын растауға мүмкіндік беруге ғана арналғанымен, ПИН-код қатаң түрде өзінің мақсаты бойынша пайдаланылады ма, ол көмескі болып қалып отыр. Сонымен қатар, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ алдында ПИН-коддың дауыс беру құпиясын бұзуға, сондай-ақ қорқытып-үркітуге әлуеттегі мүмкіндік ашып отырғанына қатысты мазасыздығын білдірген еді.

Бірнеше кандидат және оппозициялық партиялар ҚБМ-ға өздерінің электрондық дауыс беру жүйесіне сенімді емес екендерін жеткізді, сонымен бір мезгілде пропрезиденттік партиялар өздерінің осы жүйеге сенімін ашық мойындайды. ЕҚЫҰ/ДИАҚБ өзінің осы мәселеге алдын ала бағасын беру үшін тағы да бір мәрте СБМ-ға электрондық дауыс берудің сараптамасын енгізеді.

Кездесуге қатысушылардың бірнешеуі сайлаушылар тізімінің сапасына қатысты мазасыздығын білдірді. Тізімдердің 2004 жылғы сайлаудан кейін қаншалықты жақсартылғаны анық емес. Өзінің 2004 жылғы парламенттік сайлау туралы есептемесінде ЕҚЫҰ/ДИАҚБ тізімдердің дәлдігімен проблемаларды, сондай-ақ электрондық дауыс беру жүйесі орнатылған сайлау учаскелерінде қолданылатын сайлаушылардың қағаздағы және электрондық тізімдерінің арасындағы айтарлықтарй алшақтықтарды атап өтті. ОСК сайлаушылардың тізімін жасау үшін жауапты атқарушы билік органдары екенін айтты. ОСК ҚБМ-ға алдағы сайлауда дауыс беру электрондық нысанда, сондай-ақ қағаз бюллетеньдердің көмегімен жүзеге асырылатын сайлау учаскелерінде сайлаушылардың бірыңғай қағаз тізімі пайдаланылатыны туралы хабарлады. Сол арқыды ЕҚЫҰ/ДИАҚБ осының алдындағы ұсыныстамасы орындалатын болады.

16 қыркүйектегі шешімімен ОСК аумақтық сайлау комиссияларына сайлау учаскелері бойынша дауыс беру нәтижелерін өзінің Интернет-парағында жариялау үшін ОСК-на жолдауды тапсырды. Барлық байқаушылар мен кандидаттардың сенім жүктелген тұлғаларының сайлау учаскелерінің деңгейінде дауыс беру нәтижелері бар хаттамалардың көшірмелерін алуға тиіс болуымен қатар, осы нұсқаулықты орындау нәтижелердің кестелемесіне сенімінің арту тұрғысынан прогресс жасайды.

Д. Кандидаттарды ұсыну және тіркеу

Президентке кандидаттар 40 жастан кіші емес, Қазақстан Республикасының аумағында кем дегенде 15 тұрып жатқан және «мемлекеттік тілді жақсы білетін» Қазақстан азаматтары бола алады.

ОСК-на кандидаттарды ұсыну туралы арыздарды тіркелген қоғамдық бірлестіктер, сондай-ақ өзін-өзі ұсыну арқылы жекелеген азаматтар бере алады. Кандидаттарды ұсыну туралы арыздар сайлау туралы жарияланған күннен бастап беріледі, арыздарды қабылдау сайлау күнінен екі ай бұрын аяқталады. Кандидаттар тіл бойынша емтихан тапсыруға тиіс.

Тіркеу кандидаттар ұсынылатын мерзімнің аяғында басталады және сайлаудан 40 күн бұрын аяқталады. Тіркелу үшін кандидат өзінің қолдауына жоғарғы деңгейдің

әкімшілік бірліктерінің (14 облыста және Астана мен Алматы қалаларында) үштен екі бөлігінен кем емесін білдіретін тіркелген сайлаушылардың жалпы санының кем дегенде бір пайызының қолтаңбаларын табыстауға тиіс. Сонымен қатар, олар тек жеңіп шыққан кандидатқа, сайлаушылардың дауыстарының ең аз дегенде бес пайызын жинаған кандидаттарға ғана немесе тіркелген кандидат қайтыс болған жағдайда ғана қайтарылатын 50 минималды айлық жалақы мөлшерінде «сайлау жарнасы» депозитін енгізуге тиіс. Сонымен қатар, кандидаттар жоғарыда айтылғандай, табыстары мен мүлкі туралы арыз беруге тиіс.

ҚБМ-ның Қазақстанға сапарының уақытында бес кандидат партиялардан ұсынылды немесе өздерін ұсыну туралы өтініштерін өздері берді, басқалары оны істеуге оқталды. Ондай кандидаттарға қазіргі президент Нұрсұлтан Назарбаев, «Әділ Қазақстан үшін» қозғалысының жетекшісі Жармахан Тұяқбай және сенатор Уәлихан Қайсаров жатады.

Сот кандидат жалған мәліметтерді таратудың көмегімен «басқа кандидаттың ары мен абыройына кір келтіргені» туралы қаулы шығаруы мүмкін жағдайларды қоса, кандидаттарды тіркеуден ықтимал бас тартудың немесе тіркеудің күшін жоюдың ерекше шарттары бар. Тіркеудің күшін жою сондай-ақ кандидат ол тіркелгенге дейін немесе сайлау алдындағы үгітті өткізуге тыйым салынған кезеңде сайлау алдындағы үгітті бастаған жағдайда да мүмкін болады.

Сайлау күні жарияланғанға дейін, 16 тамызда, Алматы қаласының прокуроры оппозицияның саяси жетекшілеріне және әлуетті кандидаттарға «заңға түсініктеме» хат жолдады. Ол хатында прокурор төмендегіні атады: «... Қазіргі уақытта Сіздер елдің бірқатар аймақтарында Сіздің кандидатураңызды алдағы президенттік сайлауға ұсыну қажеттігінің негіздері сөз болатын тұрғындармен кездесулерді өткізіп жүрсіз...». Сайлау туралы заң бойынша сайлау алдындағы үгіт тіркеу мерзімі аяқталғанда басталатынын және сайлау күнінің алдындағы күннің жергілікті уақыт бойынша нөл сағатында аяқталатынын атап айтып, прокурор былай дейді: «...Сіз жүргізіп жатқан мерзімнен ерте сайлау алдындағы үгітке тыйым салынады және Қазақстан Республикасының Әкімшілік бұзушылықтар туралы кодексінің 99-бабына сәйкес ол үшін жауапкершілік жүктеледі. Осыған байланысты, Сізге жоғарыда аталған әрекеттерден бой тартуды және заңды бұзбауды ұсынамыз»⁸.

ОСК өкілінен осы хатқа байланысты түсініктеме беруді сұраған уақытта, ол оның сайлау туралы заңды басқаша түсіндіретінін атап өтті, өйткені хат сайлау күні белгіленерден бұрын жолданған. Алайда ол ондай шектеулердің оның пікірінше, сөзсіз, сайлау жарияланған сәттен бастап тіркеу кезеңі аяқталғанға дейін қолданылатынын айтты. «Отан» партиясы төрағасының міндеттерін атқарушы ҚБМ-ға хат тек қазіргі президентті қоса, кез келген кандидат алуы мүмкін «ескерту» болғанын хабарлады.

Аталған «заңға түсініктеме» әлуеттегі кандидаттың өзін-өзі таныту бостандығына, орын ауыстыру бостандығы мен жиналыс бостандығына құқығын шектейді. Одан әрі, осы нақты жағдайда мерзімінен ерте науқанға қатысты мұндай құқықтық шектеулер мүлдем қолданыла алмайды, өйткені хат жазылған сәтте сайлау туралы әлі жарияланбаған болатын. Қолданыстағы құқықтық нормалармен тіркелген кандидаттар барлық кандидаттар үшін тең шарттарды қамтамасыз ету жөнінде осының алдындағы ЕҚЫҰ/ДИАҚБ ұсыныстамаларына сәйкес өз науқанын кандидаттарды тіркеу мерзімі

⁸ Алматы қаласының Прокурорының 2005 жылғы 16 тамыздағы хаты, № 7–10–1328–05 хаттама.

аяқталғаннан кейін бастай алады деп көздейді. Солай болғанымен де, сондай ережені шектеп түсіндіру Алматы қаласының прокурорының жоғарыда аталған хатынан көруге болатындай, ықтимал кандидаттардың кез келген әрекеттерін шектеу мүмкіндігін ескереді. Сайлау науқаны уақытында құқықтық нормаларды еркін түсіндіру кандидаттардың бірі өз лауазымдық жағдайының артықшылығына ие қазіргі Президент болып табылатынына байланысты зор маңызға ие болады.

Е. БАҚ

Алматы мен Астанада болған кезінде ҚБМ баспасөз өкілдерінің тек шағын ғана бөлігімен кездесті. Қазақстан Республикасында шамамен 2 200 БАҚ атауы тіркелген, оның шамамен 80 пайызы жеке меншікке тиесілі. Әкімшіліктен және пропрезиденттік партиялардан кездесуге келген қатысушылардың айтуынша, бұл баспасөздегі плюрализмнің жоғары деңгейде екенін көрсетеді. Алайда басқа сұхбаттасушылардың айтуынша, мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарын билік органдарына жақын адамдар бақылайды, ал көптеген басқа ақпарат құралдары қазіргі Президентке жақын адамдарға тиесілі немесе солар тарапынан бақыланады, соның ішінде «Асар» партиясының төрайымы Дариға Назарбаева да бар.

Кездесуге қатысушылардың көбі ҚБМ-ға басылатын баспасөз органдарын қызметтегі билік органдары оппозиция ретінде қабылдайтындықтан, олар түрлі сипаттағы қысымға ұшырап отырғанын айтты. Атап айтқанда, олар газеттерді таратылуына, тәркіленуіне немесе басып алынуына, бағалы көшірмелерінің көтерме түрде сатып алынуына, сондай-ақ осындай басылымдардың иелері мен қызметкерлеріне қысым жасаудың түрлі нысандарына қатысты түйінді мәселелерді суреттеп берді. Олар сондай-ақ оппозициялық ретінде белгілі баспасөз басылымдарының жариялауды тоқтата тұруға немесе жабылуға талай рет мәжбүр етілгенін атап өтті. Осындай жарияланымдардың кейбіреуі басқа атаумен қайтадан пайда болғанымен де, олар өз оқырмандарының ауқымын белгілеу мен ұстап тұруда қиындықтарға тап болды.

ҚБМ топшыланып отырған СБМ-нің негізгі қызметі барлық бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингі болатынын басқосуларға қатысушылардың барлығы үшін атап көрсетті. Бұл еркін эфир кезінде де, сондай-ақ жаңалықтар беру кезінде де науқанды жариялап көрсетуді сапалық және сандық бағалауды қамтиды. СБМ сондай-ақ сайлау науқанын жариялап көрсету кезіндегі кез келген қысым жасау немесе орынсыз шектеу жағдайын қадағалайтын болады. ОСК бұқаралық ақпарат құралдарының мониторингін кейбір үкіметтік емес ұйымдар өткізген сияқты, өзінің де солай ететіні туралы ҚБМ-ға хабарлады.

Ж. Халықаралық және жергілікті байқаушылар

ҚБМ-мен кездесулерге қатысушылардың көпшілігі 2005 жылғы 4 желтоқсандағы президенттік сайлауда ЕҚЫҰ/ДИАҚБ байқаушы миссиясының қатысатынын құптады, ал олардың кейбіреулері СБМ-нің Қазақстан Республикасының барлық аумағында қатысуының қажеттігін атап өтті.

Алматыда болған кезінде ҚБМ ішкі байқаушылардың күшімен әділ байқауды іске асыру мақсатында сайлау алдындағы жағдайды талқылау және мүмкіндіктерді бағалау үшін халықаралық және жергілікті үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін шақырды. Елде Республикалық тәуелсіз байқаушылар желісі (РТБЖ) және Қазақстанның

сайлаушылар лигасы сияқты жақсы ұйымдасқан азаматтық топтар бар болып шықты, олар сайлау өткізілуін байқауды қамтамасыз ету ісіне едәуір үлес қосқан екен және президент сайлауын бүкіл ел аумағында байқауды жүзеге асыруды ниет етіп отыр. РТБЖ ұзақ мерзімді де, сондай-ақ қысқа мерзімді де байқау өткізуді жоспарлап отыр, ал Сайлаушылар лигасы тек қысқа мерзімді байқау өткізеді. Басқа ұйымдар да сондай-ақ сайлауды немесе сайлау науқанының белгілі бір қырларын байқауды жүзеге асыру туралы өздерінің ниеті туралы мәлімдеді.

IV. ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАМАЛАР

ҚБМ алдағы уақытта Қазақстанда болатын президент сайлауын байқау үшін қазан айының ортасында ЕҚЫҰ/ДИАҚБ-ның СБМ-ын құруды ұсынады. Сарапшылардың негізгі тобынан басқа, миссияға сондай-ақ 36 ұзақ мерзімді байқаушыны, екі байқаушыдан тұратын 18 топты кіргізу қажет, олар қазан айының екінші жартысында бүкіл Қазақстанға таратылатын болады. сонымен қатар дауыс берілетін күні дауыс берілуін, барлық деңгейде дауыс санағы рәсімін және нәтижелерді кестелеуді қадағалау үшін 400 қысқа мерзімді байқаушыны іссапарға жіберу қажет. Сайлау өткізілген күннен кейін екі ай ішінде өткізілуге тиіс екінші түр қажет болған жағдайда, ЕҚЫҰ/ДИАҚБ өзінің іс-қимылын тиісті ресми шешім қабылданғаннан кейін айқындайтын болады.

\

**ТІРКЕМЕ: ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 2005 ЖЫЛҒЫ ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫНА
ҚАТЫСТЫ ҚАЗЕТТІЛІКТЕРДІ БАҒАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ
ЕҚЫҰ/ДИАҚБ МИССИЯСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**

| | |
|--|---|
| <i>Сәрсенбі, 14 қыркүйек – АЛМАТЫ</i> | |
| Алматыдағы ЕҚЫҰ орталығымен кездесу | Ивар Викки, елші, Орталық басшысы |
| Алматыдағы ЕҚЫҰ қатысушы елдердің елшіліктерімен кездесу | Төмендегі кестені қараңыз |
| АҚШ елшілігімен және ЮСАИД-пен кездесу | Джон Ордуэй, елші Дебора Менутти Томас Делени Кимберли Делени |
| Еуропалық комиссияның делегациясымен кездесу | Джон Пенни Алессандро Лиамине Айвонн Боллоу |
| Сайлауды ішкі байқаушылардың топтарымен кездесу | Республикалық тәуелсіз байқаушылар желісі Сайлау және демократия Қазақстанның сайлаушылар лигасы Әділ сайлау өткізу үшін |
| <i>Бейсенбі, 15 қыркүйек – АСТАНА</i> | |
| Орталық сайлау комиссиясымен кездесу | Оңалсын Жұмабеков, төраға Владимир Фоос, хатшы Татьяна Охлопкова, комиссия мүшесі Марат Сәрсенбаев, Халықаралық департамент басшысы |
| ОСК электрондық дауыс беру хатшылығымен кездесу | Владимир Фоос, хатшы Николай Барелко, Ақпараттық технологиялар орталығының директоры |
| Ұлыбританияның Елшілігімен кездесу | Джеймс Шарп, елші |
| Сыртқы істер министрлігімен кездесу | Рахматуллин Ақан, Гуманитарлық ынтымақтастық департаментінің басшысы; Абылхожина Нелли, ЕҚЫҰ және Демократияландыру бөлімінің басшысы |
| Әділет министрлігімен кездесу | Зағипа Балиева, министр Серік Нұғыманов, министрдің орынбасары Магда Сергей, министрдің орынбасары Қайырболат Есқалиев, Қылмыстық-атқарушылық жүйе комитеті төрағасының міндетін атқарушы Айнаш Айтқалиева, Халықаралық құқық департаментінің басшысы |
| Ресей Елшілігімен кездесу | Алексей Павлов, консул Дмитрий Третьяков, атташе |
| Президент қызметіне кандидатпен кездесу | Сенатор Уәлихан Қайсаров |
| <i>Жұма, 16 қыркүйек – АЛМАТЫ</i> | |
| Халықаралық ұйымдармен кездесу | Жанар Сағымбаева, БҰҰ Лаура Локард, NDI Айжан Архабаева, IRI Дженифер Уилсон және Марат Биғалиев, IFES |
| Саяси партиямен кездесу | Әлихан Бәйменов, «Ақ Жол» партиясының төрағасы |
| Саяси партиялармен кездесу | Төмендегі кестені қараңыз |
| Президент қызметіне кандидатпен кездесу | Жармахан Тұяқбай, «Әділетті Қазақстан үшін» қозғалысының төрағасы Ораз Жандосов Төлеген Жүкеев |

| | |
|---|---|
| Сенбі, 17 қыркүйек – АЛМАТЫ | |
| «Время-принт» баспаханасымен кездесу | Елена Бурмистрова, директор |
| Үкіметтік емес ұйымдардың бұқаралық ақпарат құралдарымен кездесу | Әділ сөз Дом свободы |
| Президент қызметіне кандидат Нұрсұлтан Назарбаевтың өкілдерімен кездесу | Жұмағұлов Бақытжан, Республикалық «Отан» саяси партиясы төрағасының міндетін атқарушы |

Алматыдағы дипломатиялық өкілдіктермен кездесулерге қатысушылардың тізімі, 2005 жылғы 14 қыркүйек:

| | |
|-----------------------|--|
| Канаданың Елшілігі | Анна Биолик, Елші |
| Нидерландтың Елшілігі | Петер фон Лееуен, Елші |
| Румынияның Елшілігі | Валериу Стоика мырза, консул |
| Францияның Елшілігі | Танабаева ханым |
| Венгрияның Елшілігі | Миклос Жачковиц, Елші |
| Испанияның Елшісі | Хуан Мазарредо мырза, Анджел Гарсия мырза |
| Польшаның Елшілігі | Петр Ивашкевич мырза, Миссия басшысының орынбасары |
| Германияның Елшілігі | Фюгель мырза, Виза бөлімі |
| Грецияның Елшілігі | Скутер мырза, Миссия басшысының орынбасары |
| Өзбекстанның Елшілігі | Шавхат Шарифходжаев мырза, бірінші хатшы |

Саяси партиялармен бірлескен кездесулерге қатысушылардың тізімі, 2005 жылғы 16 қыркүйек:

| Партияның атауы | Қатысатынын растаған өкілдердің аты-жөні |
|--|--|
| Қазақстанның Азаматтық партиясы | Азат Перуашев, төраға |
| Қазақстанның «Ақ Жол» демократиялық партиясы | Нұрмұхамедов Бурихан, Алматыдағы офис басшысының орынбасары |
| Республикалық «Асар» партиясы | Мұхтар Ерман, Алматыдағы офистің басшысы; Шолпан Байболова |
| Социал-демократиялық «Ауыл» партиясы | Ғани Қалиев, төраға |
| Қазақстанның Коммунистік партиясы | Болат Әбілов, «Нағыз Ақ Жол» партиясының тең төрағасы өкілдік етті |
| Қазақстанның Халықтық коммунистік партиясы | Козарев Владислав, төраға |
| Қазақстанның Демократиялық партиясы | Сыдыхов Төлеген Сейдомарұлы, төрағаның орынбасары/Алматыдағы өкілдіктің төрағасы |
| Республикалық «Отан» саяси партиясы | Дунаев Ғалиасқар, Алматыдағы офистің басшысы; Самратов Асылқан, Алматыдағы офис басшысының орынбасары |
| Қазақстан отаншылдарының партиясы | Нұрпейісова Гүлдана, Орталық комитеттің мүшесі |
| «Руханият» партиясы қоғамдық бірлестігі | Алтыншаш Жағанова, төрайым; Волков Анатолий, төрағаның орынбасары |
| Аграрлық партия | Шақырылудан бас тартты |